

Аудандық мәслихаттың 2006 жылғы 23 маусымдағы 26 сессиясының "Аз қамтылған азаматтарға тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызмет көрсету үшін тұрғын үй жәрдемақыларды беру және қалалық телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы берудің және тұрғын үй жәрдемақысын тағайындау кезінде отбасының (адамның) жиынтық табысын есептеу тәртібі туралы Қағидасын бекіту туралы" N 203 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қарағанды облысы Осакаров аудандық мәслихатының 2007 жылғы 21 желтоқсандағы N 32 шешімі. Қарағанды облысы Осакаров ауданының Әділет басқармасында 2008 жылғы 18 қаңтарда N 8-15-82 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 97 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 9 қыркүйектегі "Телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" Қаулысына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 15 маусымдағы "Қазақстан Республикасында тұрғын үй – коммуналдық саланы дамытудың 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қаулысына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Аудандық мәслихаттың 2006 жылғы 23 маусымдағы 26 сессиясының "Аз қамтылған азаматтарға тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызмет көрсету үшін тұрғын үй жәрдемақыларды беру және қалалық телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы берудің және тұрғын үй жәрдемақысын тағайындау кезінде отбасының (адамның) жиынтық табысын есептеу тәртібі туралы Қағидасын бекіту туралы" N 203 шешімінің қосымшасына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 8-15-33 болып тіркелген, 2006 жылғы 22 шілдедегі "Сельский труженик" газетінің N 30 (6993) санында жарияланған), Осакаров аудандық мәслихатының 2007 жылғы 16 шілдедегі "Аудандық мәслихаттың 2006 жылғы 23 маусымдағы 26 сессиясының "Аз қамтылған азаматтарға тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызмет көрсету үшін тұрғын үй жәрдемақыларды беру және қалалық телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы берудің және тұрғын үй жәрдемақысын тағайындау кезінде отбасының (адамның) жиынтық табысын есептеу тәртібі туралы Қағидасын бекіту туралы" N 203 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 35 сессиясының N 278 шешімімен өзгерістер мен

толықтырулар енгізілді (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде нөмірі – 8-15-73 болып тіркелген, "Сельский труженик" газетінің 2007 жылғы 18 тамыздағы N 33 (7049) санында жарияланған), келесі толықтырулар мен өзгерістер е н г і з і л с і н :

1) 2 т а р м а қ т а :
"18" саны "15" санына ауыстырылсын;
2) 6 т а р м а қ т а :

"Отбасы құрамында немерелері, балалары тұратын зейнеткер үй иелеріне жәрдемақы балалары мен немерелерін есептемей тағайындалады" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

3) 3 3 т а р м а қ т а :
келесі мазмұндағы 13 тармақшамен толықтырылсын:

"13) мектеп оқушыларына берілетін ыстық тамақтың құны мен "Жалпыоқыту" қорынан көрсетілетін көмек, аз қамтылған азаматтарға ақшалай немесе заттай түрінде азық-түлік тағамдарының бағасының өсуіне байланысты көрсетілетін көмек".

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау азаматтардың құқықтары мен заңдылықтары мәселелері бойынша тұрақты комиссияға жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Хатшы

И. Шәкірбеков

Қ. Саққұлақов